

Шығыс Қазақстан мыс кешенін құру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 тамыз N 1161

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес және оның республиканың Шығыс Қазақстан аймағының экономикасы үшін маңызды мәнін ескере отырып Ертіс мыс балқыту зауыты мен Ертіс тау-кен байыту комбинатының базасында мыс кешенін Ұйымдастыру үшін "Шығыс Қазақстан мыс кешенін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 маусымдағы N 838 P990838_ қаулысын іске асыруды жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулының кіріспесінде көрсетілген ұйымдардың:

1) "Ертіс мыс балқыту зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мүлдітік кешенін бірыңғай лотпен сатуды жүзеге асыруды;

"Ертіс тау-кен байыту комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мүлдітік кешенін бірыңғай лотпен сатуды жүзеге асыруды;

2) сатып алушының үшінші кезектегі кредиторлардың талаптарын өтеу жөніндегі м і н д е т т е м е л е р і н ;

3) өндірісті іске қосу жөніндегі дайындық жұмыстарын қаржыландыру үшін әлеуетті инвесторды тартуды;

4) әлеуетті инвестордың кәсіпорындарды іске қосу жөніндегі шығындарын банкроттық рәсімдерін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарға енгізуді;

5) сатып алушының қуаттарды: мыс балқыту өндірісіне жыл ішінде 32500 (отыз екі мың бес жүз) тонна алғашқы мыс шығаруға арналған;

Ертіс кенішіне бір жыл ішінде өнімділігі 500000 (бес жүз мың) тонна рудаға арналған;

Белоус кенішіне жыл ішінде өнімділігі 500000 (бес жүз мың) тонна рудаға арналған;

Белоус байыту фабрикасын алты айдың ішінде өнімділігі 600000 (алты жүз мың) тонна және жыл ішінде - 1000000 (бір миллион) тонна рудаға арналған жүктемемен камтамасыз ету жөніндегі міндеттемесін көздейтін конкурстық массаларын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Конкурстық массалары сатып алушыларға қосымша талаптар көзделсін:

1) сауда-саттыққа тек тау-кен-металлургия өнеркәсібінде жұмыс

тәжірибесі бар заңды тұлғалар ғана жіберіледі;

2) Жоғары Березов поселкесіне орналасқан Жоғары Березов байыту фабрикасын пайдалану мүмкін болмаған жағдайда оның қызметкерлерін сақтау немесе оларды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ету.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысының әкімі В.Л.Меттеге жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.